



Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері



Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинар материалдарының жинағы

***Қазақстанда және әлемде
көптілді білім беру ортасын
қалыптастыру: жүзеге
асырудың нәтижелері мен
мәселелері***

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар
материалдарының жинағы*

Нұр-Сұлтан – 2022

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Рецензенттер:

Исина Г.И., филология ғылымдарының докторы, Қарағанды Е.Бөкетов ат. Университетінің профессоры

Загатова С.Б., филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры

Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың қиындықтары мен аспектілері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы. - Ғылыми ред. Ф.ғ.д., профессор А.Е.Бижкенова. - Нұр-Сұлтан: ЖК «Булатов А.Ж.», 2022.- 135 б.

ISBN

Семинар Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми декадасы шеңберінде, сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА базасынды іске асырылатын ҚР ҒБМ «Білім және ғылым жүйесінің ғылыми модернизациясының негіздері» (2021-2023) атты жобалық-мақсаттық қаржыландыруының тақырыптық жоспарына сәйкес өткізілді, рег. OR11466474

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағына семинар қатысушылардың баяндамалары кірді. Мәтіндер авторлық стилінде сақталыңған. Орфографиялық және грамматикалық жағынан түзету жасалған жоқ.

Жинақ көптілді зерттеп жүрген мамандарға және білім алушыларға көзделген.

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға *Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері* атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы ұсынып отыр.

Семинар Еуразия ұлттық университетінің шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 ж. 13 сәуірінде өткізілді. Халықаралық қатысушылардың ішінде Башқұрт мемлекеттік Ақмұлла атындағы педагогикалық университеті мен қатар Солтүстік-Батыс Федералды Аммосов атындағы университеттер бар.

Семинар тақырыбының маңыздылығына күмән жоқ, үш тілдік білім беру бағыты нақты назар талап ететін, еліміздің және әлем деңгейіндегі жалпы білім беру саласының маңыздығын көтеретін сұрақтардың бірі.

Өз еліміздің тіл саясатындағы қазақ тілді одан сайын дамыту, қазақша тілдік кеңістіктің өрісін кеңейту, басқа тілдерге жағдай жасату, жас өспірімдердің тілдік білімдерін қолдану деңгейіне жеткізу – осы және тағы да басқа сұрақтар әлі де өзінің дұрыс шешімін табуда.

Беріліп отырған жинақта семинар қатысушылардың жеке ойымен қатар жалпы Қазақстандағы және әлемдегі білім ошақтарында атқарылып жатқан жұмыстары, жаңалықтары мен жетістіктерімен қатар қиындықтары көрсетілген.

Жинақ мамандарға және білім алушыларға пайдалы болады деп сенеміз.

МАЗМҰНЫ

Біжкенова А.Е., Базарбекова Ж.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫ САЯСАТЫ - ОЗЫҚ БІЛІМ ҮЛГІСІНІҢ КӨРІНІСІ.....	6
Булатбаева К.Н. КАК ОБНОВЛЯТЬ СОДЕРЖАНИЕ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗАХ.....	17
Буркова Т.А. ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ И/ЛИ ПОЛИЛИНГВАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ?.....	20
Дербишева З.К. ОПЫТ МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КЫРГЫЗСТАНА.....	24
Китибаева А.К. ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	28
Находкина А.А. ЯКУТСКИЙ ЭПОС ОЛОНХО НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ.....	32
Aminova L.A. CONVERGENCE STRATEGIES: POLITENESS STRATEGY IN ENGLISH AND RUSSIAN LINGUOCULTUROLOGY.....	37
Анафинова М.Л., Дюсембаева И. Т. ЕЛ ИМИДЖІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ВЕРБАЛДЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЛИНГВО-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	41
Анафинова М. Л., Нагашибаева Г. М АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК СИПАТЫ.....	47
Ахметова Г.С. ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	53
Булегенова И.Б., Г.К.Кенжетева ҚУАНЫШ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ.....	58
Гиберт О.С. ИМЯ СОБСТВЕННОЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ..	63
Буркова Т.А., Г.А. Дистанова ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ И ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ ФОЛЬКЛОРНЫХ ТЕКСТОВ, СОДЕРЖАЩИХ ТОПОНИМ (НА ПРИМЕРЕ НЕМЕЦКИХ ЛЕГЕНД И ПРЕДАНИЙ).....	67

Елеш А.Т. MYTHS AS A SOURCE OF THE FORMATION OF A PATRIOTIC PERSONALITY.....	72
Zhambylkyzy M., Yergalymova Z.Y. DEVELOPING COLLOCATIONAL COMPETENCE OF STUDENTS WITH THE HELP OF CORPORA IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE.....	78
Ксанова Д.М. ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ТЕРМИНЫ В СТРУКТУРЕ ГИДРОНИМОВ КАЗАХСТАНА И США.....	86
Куантаева Д.А. ИРОНИЧНОСТЬ КАК ЧЕРТА АНГЛИЙСКОГО КОММУНИКАТИВНОГО СТИЛЯ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ПЕРЕДАЧ ВВС).....	92
Липустина О.М. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ И НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В СВЕТЕ ТРЕБОВАНИЙ НОВЫХ СТАНДАРТОВ ОБУЧЕНИЯ.....	96
Мусина Р.Р. СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА НАЗВАНИЙ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ФИЛЬМОВ НА НЕМЕЦКИЙ ЯЗЫК.....	100
Нуркенова Г.А., Дуйсекова А.А. ЗАГОЛОВОК В ПОЛИТИЧЕСКОМ ГАЗЕТНОМ ДИСКУРСЕ: ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	104
Оспанова А.Б. ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ: ВЫЗОВЫ И АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ.....	111
Рысбек Ж.Қ., Бижкенова А.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП ҚҰРАМДЫ ТЕРМИН СӨЗДЕР.....	114
Сәрсембай С.Б. ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІ.....	119
Tlepbergen D. THE ROLE OF TRANSLANGUAGING IN MULTILINGUAL EDUCATION.....	125
Turganbekova A.M., Syzdykbayeva A.A. THE CONCEPT OF MILK IN THE KAZAKH AND ENGLISH LINGUISTIC PICTURES OF THE WORLD.....	130

2. Enright, D.J. Fair of Speech: The Uses of Euphemism. Oxford Univ. Press, 1985
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. –А., 1995. – 204 б.
4. Ахманова О.С. Терминология лингвистическая // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – 576 б.
5. Обвинцева, О.В. Политический эвфемизм как средство языкового воздействия в газетном тексте // Перевод и межкультурная коммуникация / материалы международной научно-практической конференции / Институт международных связей. - Екатеринбург, 2003.
6. Гальперин И.Р. Стилистика английского языка. 3-е изд. — М.: Высшая школа, 1981. — 316 с.
7. Скребнев, Ю.М. Основы стилистики английского языка: учебник для интов и фак. иностр. яз. (ағылшын тілінде) / Ю.М. Скребнев. – 2-е изд., испр. – М.: ООО «Издательство Астрель», ООО «Издательство АСТ», 2003. – 221 с.
8. Ә.Хасенов. Тіл білімі. – А., 1996.
9. Кошкова М. Л. Семантика и прагматика эвфемизмов. Краткий тематический словарь русских эвфемизмов – М.: Гнозис, 2007. – 320 с.
10. Асеева Ж. В. Лексические средства выражения идеологии политической корректности в современном английском языке: дис. ... канд. филол. наук. Иркутск, 1999
11. Вестник ТГПУ, 2014. 4(145) Н. А. Резникова, А. С. Пташкин «Функциональные особенности эвфемизмов в политическом дискурсе» (на материале выступлений Американских и Британских политиков)
12. <https://melimde.com/lingvomedienietanu-filimini-aliptasui-men-damui.html>
13. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Linguist/maslova/02.php
14. <http://ernur.kz/oqiga/kolynyn-sughanaghy-bar-abysynymnan-sharshadym-turkistandyk-kelinshek-tuysynan-zhapa-shegip-zhur>
15. <https://www.theguardian.com/commentisfree/2015/dec/08/holly-woodlawn-transgender-icon-struggle#:~:text=Though%20woefully%20young%20by%20modern,of%20her%20having%20a%20laugh.>
16. <https://www.urbandictionary.com/define.php?term=Kick%20the%20Bucket>
17. <https://yassy-tur.kz/?p=25109>
18. <https://turkystan.kz/article/62654-shyra-y-zhanyp-t-rsyn/>

ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметова Г.С.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

Аңдатпа: Аталмыш мақала лексиканы оқыту мен оқудың лингводидактикалық мәселелерін қарастырады. Оқушыларды лексиканы оқытуда кездесетін қиындықтар мен кедергілерін жеңу барысында лексиканы прагматикалық және синтагматикалық байланыс негізінде оқытудың және лексикалық-семантикалық сызбаларды қолданудың маңыздылығы сипатталған. Лексика-семантикалық сызбалар шет тіліндегі сөздерді меңгеру мен сөйлеу дағдыларын дамытуға тиімді әсері баяндалған.

Түйін сөздер: лингводидактика, лексика, лексика-семантикалық сызба, лексикалық құзыреттілік, вокабуляр, прагматика.

Аннотация: В данной статье рассматриваются лингводидактические проблемы обучения лексике. В статье описывается важность обучения лексики на основе парадигматических и синтагматических связей и использования лексико-семантических схем в процессе преодоления трудностей и препятствий, с которыми сталкиваются учащиеся при обучении лексике. В статье изложены способы эффективного применения лексико-семантических схем для обучения иноязычной лексики и развития речевых навыков.

Ключевые слова: лингводидактика, лексика, лексико-семантическая схема, лексическая компетентность, вокабуляр, парадигматика.

Abstract: The present article discusses linguodidactic problems of teaching vocabulary. The article aims to demonstrate the importance of teaching vocabulary based on paradigmatic and syntagmatic connections and the use of lexical semantic schemes in the process of overcoming difficulties and obstacles faced by students in learning vocabulary. The article describes the ways of using lexical semantic schemes for teaching foreign vocabulary and the developing speech skills.

Keywords: linguodidactics, lexis, lexico-semantic scheme, lexical competence, vocabulary, paradigmatics.

Шет тілін меңгеруде лексика сөйлеудің басқа да құралдарымен бірге (фонетика, грамматика, стилистика) сөйлеудің мағыналық құрамында аса маңызды рөл атқарады. Жоғары сынып оқушыларының лексикалық құзыреттілігін қалыптастырып, дамыту үшін оқушылар шет тілін оқытуда қолданылатын оқулықтар мен оқу құралдары қамтитын үлкен рецептивті және белсенді сөздік қорын меңгеру қажет. Шет тілін оқытуға бөлінген сағаттар саны шектелген болғандықтан, жоғары сынып оқушыларының лексикалық құзыреттерін дамыту қиын міндеттердің бірі болып табылады.

Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыру деп оқушылардың вокабулярын, яғни сөздік қорын ұлғайтуды айтамыз және сол сөздерді ауызша және жазбаша сөйлеуде қолдана білу. Лексикалық құзыреттілік термині лексикалық және грамматикалық элементтерді қамтиды, ал лексикалық элементтерге жекелей сөздермен қатар фразалық етістіктер, идиомалар, коллокациялар, тұрақты сөз тіркестері кіреді. Ол үш кезеңді қамтиды: жаңа сөздік материалға үйрену (жаңа сөздер мен сөз тіркестерін таныстыру, түсіндіру), оқыған лексикалық бірліктердің қолданысын бекітуге арналған жаттығулар, сөйлеуде меңгерген жаңа лексикалық бірліктерді қолдану. Осы арада оқушылардың лексикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында лексиканы қалай оқыту қажет деген сұрақ туындайды.

Оқушылар әр шет тілі сабағында біршама жаңа сөздер көлеміне тап болады және бұл сөздердің аудармасы немесе ана тіліндегі баламасы берілгенімен, қосымша мағынасына қатысты комментарий мен түсіндірме сөздік берілмейді. Әсіресе шеттілдік баспалар шығарған шеттілдік оқулықтар лексикалық материалды қамтығанымен, оларды бекітуге арналған лексикалық жаттығулар мен тапсырмалардың саны шектелген. Осының салдарынан оқушылар лексиканы оқу үдерісінде жаңа сөзді бірнеше рет мәнмәтінде

кездестіріп, танып, қайталап, жаттап, қолдану мүмкіндігі айырылады. Жоғары сыныптарда оқушылардың шеттілдік білім деңгейлері әр түрлі болуы мүмкін. Кейбір оқушылар шеттілдік сөздің мағынасын, құрылымы немесе мәнмәтіндердегі мағынасын ойлап таба алмайды. Өз ойларын әртүрлі лексикалық бірліктер арқылы жеткізе алмайды.

Лексиканы меңгерудің тиімділігін арттыру үшін бірнеше жолдар бар:

- Сөйлем құрастыруда лексика мен грамматиканың арасындағы байланысты ескеру қажет, яғни лексикалық бірлікті қолдану барысында үйлесімді грамматикалық құрылымдарды қолдану керек;
- Сөздерді тақырыптық қағида бойынша топтастырылған және ұқсастық пен айырмашылық (антоним және синоним) қағидасы бойынша топтастырылған сөздер жақсырақ меңгеріледі;
- Оқушылардың компенсаторлық дағдыларын дамыту қажет. Мәселен, антоним және синоним арқылы сөздің мағынасына перифраз жасау немесе сөздің анықтамасын бере алу, түсіндіре алу;
- Оқып жүрген оқулық негізінде сөз тіркестері мен коллакациялардың қолданылуын меңгерген жөн;

Қазіргі шет тілдерін оқыту әдістемесінде шеттілдік сөздерді оқытудың көптеген жолдары, принциптері мен әдістері бар. Синонимдерді зерттеуге көп көңіл бөлінеді, өйткені синонимдер сөздік қорды байытады. Оқулықтарда көптеген синонимдік жаттығулар бар. Дегенмен, ғалымдар арасында қай әдіс ең тиімді болатыны туралы бір шешім жоқ. Мәселен, Е.Н. Соловова дәстүрлі үш бағанды қамтитын (шетел сөзі, транскрипциясы және ана тіліне аудармасы) заманауи сөздіктерге өзгерістер енгізуді ұсынады. Е.Н. Соловова транскрипцияның орнына синонимдерді, антонимдерді, жаңа лексика бар сөйлемдерді немесе сөз тіркестерін қосу тиімдірек деп есептейді [1].

Біздің жадымызда сөздер жекелей түрде сақталмайды, олар лексика-семантикалық қатынастың күрделі жүйесіне кіреді, соның бірі парадигматикалық қатынас. Парадигматикалық байланыстарға семантикалық өрістер жатады, олар синонимдерді, антонимдерді және контекст жағынан жақын сөздерді қамтиды. Мықты парадигматикалық байланыстарды орнату арқылы лексикалық дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Осындай парадигматикалық қатынастар оқушылардың жаңа сөздерді ұзақ мерзімді есте сақтауға көмектеседі. Синонимдер арқылы лексиканы оқытудың мақсаты – ана тілі және шет тілдеріндегі сөз қолданыс нормаларына сәйкес сөздің мағынасын түсіну, сөйлеуде қолдану дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Өкінішке орай, оқыту тәжірибесі көрсеткендей, оқулықтарда парадигматикалық байланыстар көп жағдайда ескерілмей қалады. Бұл оқушының белсенді сөздік қорының азаюына әкелуі мүмкін. Сондықтан лексиканы синонимдер арқылы оқыту және меңгеру лингводидактикалық мәселе болып табылады.

Лексиканы оқыту барысында оқушыларға берілетін шеттілдік лексика түрлі қағидаларға сәйкес жүйелендіріліп берілуі мүмкін. Сондықтан мұғалім қандай

лексиканы қандай қағида бойынша таныстыратынын мұқият жоспарлаған жөн. Адам жаңа сөзді кездестіргенде, сөздің анықтамасын шет тілінде оқып отырмай, бірден оның мағынасын мүмкіндігінше тез және дәл білгісі келеді. Дегенмен, шеттілдік оқулықтардың мазмұнын көбінесе грамматикалық материалға бағытталған. Жаңа сөздерді қайталауға, оқуға және бекітуге арналған жаттығулар, әдетте, оқулықтың соңында орналастырылады.

Қазіргі таңда шет тілі мұғалімдері шеттілдік лексиканы оқытуға аз уақыт бөледі, бірақ соған қарамастан, синонимдер және антонимдер негізінде жаңа лексиканы семантизациялау оқушыларды жаңа сөзбен таныстырудың жетекші әдістерінің бірі болып табылады. Оқушылар шет тілін жетік меңгеруі үшін ең алдымен сөздік қорын меңгеруі қажет.

Лексиканы оқыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілу керек. Оқушылардың сөздік қоры оқу қарқындылығы мен мотивациялық серпініне байланысты күн сайын толықтырылып отырады. Синонимдерді, антонимдерді және жалпы лексиканы меңгеру мәселелерін былайша тұжырымдауға болады:

- сөзді таңдау мәселелері;
- лексиканы таныстыру әдісін таңдау мәселелері;
- лексиканы семантизациялау тәсілін таңдау мәселелері;
- сөздік қорды меңгертуге бағытталған жаттығуларының қажетті көлемі мен оңтайлы түрлерін таңдау мәселесі.
- Рецептивті және продуктивті лексикаға сәйкес қажетті жұмыс түрлерін таңдау, яғни өздік жұмыстар немесе мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетін жұмыстар.

Тілдің лексикалық құрамы біртекті емес, сөздік жүйе парадигматикалық және синтагматикалық қағидаларға сәйкес орналасқанын ескеру қажет. Сонымен бірге, сөздік құрам негізгі және қызметтік сөз таптарына жататын сөздерге байланысты сараланып, сонымен қатар сөздіктерде үнемі жазыла бермейтін тұрақты тіркестерді де қамтиды.

Жоғары аталған мәселелерді шешуде лексикалық дағдыларды дамытуда тиімді әдістерінің бірі лексикалық-семантикалық және лексикалық-тематикалық сызбалар арқылы үйрету болып табылады. Сөздердің лексикалық-семантикалық топтар (яғни «лексикалық парадигмалар») әр түрлі қағидаларға сәйкес құралады. Лексикалық парадигмалар мыналарды қамтиды:

- бір сөз таптарына жататын сөздер;
- бір лексикалық-семантикалық топтағы сөздер (мысалы, қабылдау сезімдеріне қатысты етістіктері);
- белгілі бір септік/шылаумен тіркескен сөздер;
- біртұтас құрылымдық белгі бойынша жасалған мультивербалді бірліктер;
- тақырыптық сөз топтары;
- бір көпмағыналы сөздің барлық лексикалық және семантикалық нұсқалары;
- синонимдер;

– антонимдер.

Өртүрлі сөздер үшін топтастырудың қай әдісі ең оңтайлы және тиімді екендігі жайлы сұрақ туындайды. Сонымен, лексикалық парадигманы ұйымдастырудың синонимдік принципі синонимдерді зерттегенде топта оқылатын бірліктердің семантикасына қатысты аналогиялар мүмкін болатындықтан, сөздік қорды меңгерудің тиімділігін арттырады.

Лексикалық-семантикалық сызбалар (ЛСС) алғаш рет 80-жылдардың соңында талқыланды. ЛСС пайда болу тарихы туралы сөз қозғағанда ең алдымен, В.П.Пассовтың еңбектеріне жүгіну керек. [3].

Лексикалық-семантикалық сызбалар қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Ең алдымен, бұл әдіс оқытушыға жекелей тұлғаға бағытталған қағидаларын тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Лексикалық-семантикалық сызбалармен жұмыс жасау барысында лексикалық бірліктер міндетті және қосымша принципі бойынша ажыратылады. Әр сызбада лексикалық бірліктер екі деңгейде ұсынылады [4,26]. Осындай қағида қабілеттері мен деңгейлері әр түрлі студенттерге лексикалық бірліктерді өз деңгейінде жақсы меңгеруге мүмкіндік береді. Жоғары қабілетті студенттер қосымша берілген күрделі лексикалық бірлікті меңгерсе, қабілеттері төмен студенттер тек міндетті деп белгіленген лексикалық бірліктерді меңгерумен шектеле алады. Осылайша, оқушылар мен студенттер психологиялық ерекшеліктеріне және деңгейлеріне байланысты лексикалық бірліктерді меңгерудің оңтайлы қарқыны мен жолдарын табумен қатар өздеріне қажетті лексиканы тандап меңгеруге мүмкіндікке ие болады.

Лексикалық-семантикалық тірек сызбаларын құру кезінде ассоциативті байланыстарға көп көңіл бөлінеді. Жаңа тақырыпты үйрену кезінде кейбір студенттер қиындықтарға тап болады. Оларға жаңа лексиканы есте сақтау қиын болғандықтан, олар дәйекті мәлімдеме жасай алмайды. Сызбаларда оқушы немесе студенттің жауап беруіне тірек бола алатын мағыналық сөздер көрнекі түрде берілгендіктен, оқушы немесе студенттер қажетті сөздерді тандап, қолдану барысында қиындықтарын азайтады. Тірек сызбалар студенттердің тілдік қиындықты жеңуге бағыттап, монологтық сөйлеуді меңгеру деңгейін едәуір арттыруға септігін тигізеді [4]. Сонымен қатар, шет тілі тілі сабақтарында оқытушылар лексикалық немесе грамматикалық қиындықтары бар студенттердің мұғалімнің көмегінсіз әңгіме құрастыра алмай, жиі жалаң, қарапайым сөйлемдермен ғана шектелетінін біледі. Бұл мәселе студенттердің сөйлейтін тақырып бойынша жүйеліліктің жоқтығын білдіреді. Осы мәселені шешуде нақты мәнмәтінге бағытталған тақырып бойынша лексикалық-семантикалық сызбаларды қолдану тиімді шешім бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам. – М.: Просвещение, 2005. – 132 с.
2. Keith S. Folse. Myths about Teaching and Learning Second Language Vocabulary: What Recent Research. University of Central Florida, USA. TESL Reporter 37,2 (2004). – P. 1-13.

3. Пассов В.П. Методика преподавания иностранных языков. Просвещение, М., 1991. 198 с.
4. Сомова, Ю.Г. Семантическое поле как средство совершенствования лексических навыков студентов III курса языкового вуза [Текст] / Ю.Г. Сомова // Иностранные языки: материалы конференции (21-23 мая 2002 г.). – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2002. – С. 112-113.

ҚУАНЫШ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ

Булегенова И.Б., Г.К.Кенжетасева
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
3-ші курс докторанты
Профессор м.а, ф.ғ.к.

Аңдатпа. Мақала көркем мәтіндегі "қуаныш" эмоциясын тілде берілу мәселесіне арналған. Жұмыста лексикалық, синтаксистік және морфологиялық деңгейлердегі эмоционалды боялған бірліктердің талдауы ұсынылған. Зерттеу тақырыбы-қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі "қуаныш" эмоциясын бейнелеудің ерекшеліктері. Бұл жұмыстың мақсаты-салыстырмалы талдау арқылы қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі "қуаныш" эмоциясын тілде берілуінің негізгі тәсілдерін анықтау.

Кілт сөздер: лингвистика, эмоция, қуаныш, эмоционалды, лингвомәдениет.

Аннотация. Статья посвящена проблеме передачи в языке эмоций "радость" в художественном тексте. В работе представлен анализ эмоционально окрашенных единиц лексического, синтаксического и морфологического уровней. Тема исследования – особенности выражения эмоции «радость» в современных английском и казахском языках. Целью данной работы является выявление основных способов выражения эмоции «радость» в современном английском и казахском языках посредством сравнительного анализа.

Ключевые слова: лингвистика, эмоция, радость, эмоциональность, лингвокультура.

Annotation. The article is devoted to the problem of transferring the emotions "joy" in the literary text in the language. The paper presents an analysis of emotionally colored units of lexical, syntactic and morphological levels. The topic of the study is the features of expressing the emotion "joy" in modern English and Kazakh languages. The purpose of this work is to identify the main ways of expressing the emotion "joy" in modern English and Kazakh languages through a comparative analysis.

Key words: linguistics, emotion, joy, emotionality, linguistic culture.

Тілдің басты қызметі – адам ойындағы, ішкі дүниесіндегі түрлі құбылыстарды жеткізу. Эмоциялардың тілде берілу жолдарын зерттеу қызығушылығы лингвистикада эмоциялар лингвистикасы немесе эмотиология сияқты жаңа зерттеу бағытының туындауына жол ашты. Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап эмоциялар лингвистикасы көптеген лингвист-ғалымдардың зерттеу нышанына айналды. 80-жылдары эмоциялар егжей-тегжейлі зерттеліп, тіл білімінде жаңа ғылым саласын сипаттайтын мета-тіл ұсынылды. Эмоцияны бейнелейтін тілдік құралдар мен олардың берілу тәсілдері анықталды. Эмоциялардың адам танымының бір бөлігі